

УДК 378.037.08

ӨНДІРІСТІК - ЕҢБЕК ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ - ҚОЛДАНБАЛЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

К.И.Алшынбаев, М.С.Балабеков, Ж.А.Қадірбаев, А.Демеуов
Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ ШИ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Еңбек ресурстары, кадрлар, жұмысшылар, жұмысшы жастардың жаңа тобын дайындау өндірісінің мәселелері қоғамдық өндіріс ұстамдарын жетілдіру мен оның тиімділігін арттырудағы кокейтесті және түбегейлі мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселелердің шешімін табу жұмысшы кадрларды дайындау мен қайта дайындау квалификациясын арттырудың қолда бар түрлерінің тиімділігін арттырумен тығыз байланысы. Біздің елімізде қазіргі жағдайда бірінші кезекте жастарға білім беру, тәрбиелеу, еңбекке дайындау жүйесі бұрынғымен салыстырғанда көп өзгерген. Дамушы өндіріс адамның өзіндік қабілетінің дамуын кеңінен реттеп, ашылып келе жатқан дарынды шектеп, жұмысшының қабілеттілігіне кедергі болатын тосқауылдардың алдын алады.

Осыған байланысты жастарға білім беру жүйесінің ролі де өзгерді. Көптеген ғылыми кітаптарда жастарды қазіргі заманға сай тәрбиелеудің негізгі міндеті - оқушыларға дайын білім жүйесін беру керек дейді, ал қайта білім алу мен адамды қалыптастыруға арналған негіздер мен әдістер өмір бойы жүргізілуі тиіс, өйткені оқушылардың қадам басып, еңбек ететін әлемі оның білім алған кезіндегіден тез өзгереді. Сойдықтан адам өз өмірін жасау, жан-жақты дамуы үшін өзін-өзі тәрбиелеп, іс - әрекетіне шығармашылық реттеу жасап, өзінің адами маңыздылығын қалыптастыруы қажет. Бұл қазіргі заман азаматтары мен жұмысшыларын оқыту мен дайындау міндеті тек адамды белгілі бір мамандыққа тәрбиелеп қоймай, сонымен қатар кез-келген жағдайда өз қабілетін көрсете алатындай, тез бейімделетіндей етіп қалыптастыруы қажет, яғни жастарды оқыту мен дайындау жүйесі адамның тәрбиелену объектісінен белсенді өзін - өзі тәрбиелеуші субъектіге айналуына көмектесуі керек. Жастарды еңбекке дайындауда еңбек резервтерін жалпы және арнайы даярлау сапасын арттыруда тиімді құрал болып саналатын, еңбек - өндіріс жағдайларына тез бейімделетін, өндіріс - еңбек әрекетіне жалпы және арнайы дайындық деңгейі мен жағдайын сенімді қамтитын кәсіби-техникалық білім беретін училищелердегі дене тәрбиесі жүйесінің маңызы зор. Дәйекті мәселелер қойып еңбек резервтерінің дене тәрбиесі жүйесін жетілдіре отырып еңбек әрекеті барысындағы ақиқат жағдайларды естен шығаруға болмайды. Қазіргі дамушы өндірісте адамдардың дамуы мен жан-жақты білім алуына жақсы жағдай жасалып келеді. Бұған қазіргі сатыға өндірістік - кешенді

механизацияны, жаңа қуатты кешенді автоматтау, шикізатты машинаны, жаңа технологияның жаңа түрлерін өндіріп отырған ғылыми - техникалық өркендеу септігін тигізеді.

Техниканың ілгері дамуы түрлі өндіріс процестерін біріккен технологиялық кешенге топтастырады және бір жұмысшыдан түрлі өндірістік білімді дағды мен мамандықты талап етеді. Бұл барлық еңбекшілердің жан-жақты, үйлесімді дамуына арналған айқын жол ашатын көпсалалы еңбек қызметі дамуының жалпы деңгейін анықтайды. Белгілі социолог Г.Н.Черкасов еңбекті үйлесімсіз бөлу, әдетте оның мазмұнының төмендеуіне байланысты, ол адам тұлғасының жан - жақты даму шарттарына қатаң талаптар қояды, еңбектің бірсарындылығын туындатады, жұмысшаларды тез қажытады, еңбектің адамның бірінші қажеттілігіне айналуына кедергі келтіреді деп атап көрсетті. Басқа социологтар еңбектің жүйеленіп бөлінуінің кейбір дұрыс жақтарын қазіргі кезде үздіксіз еңбек қызметі нәтижесінде жаңа мамандықтардың бөлініп шығатынымен көрсетті, яғни жаңа мамандықтар бұрынғы мамандықтар ұмыт болмай тұрып - ақ қажет болып жатады. Сондықтан, еңбекті мамандандырып бөлу, кәсіби бағдар, кәсіби талғам сараптау, жастардың, оның ішінде кәсіби техникалық білім беру жүйесіндегі оқушылардың профильдеуші кәсіби-қолданбалы дене дайындығына арналған дене тәрбиесі құралдары мен әдістерін бағытты қолдану мен пайдалану арасындағы өзара байланыстың қажеттілігі туындайды. Бұлай дене дайындығы жалпы дене дайындығынан құралып, оны толықтырып отырады, бірақ одан бөлінбейді, оған қарсы қолданылмайды және еңбекке, аталған еңбек түрлеріне дайындық жағдайын сақтауға және жетістікке жетуіне арнайы құралдарымен және әдістердің түрлерімен көмек көрсетеді.

Көптеген зерттеулер мен жалпылау тәжірибелері кәсіби мамандарды даярлауға мәдени -техникалық және жалпы білім беру деңгейін көтеруге ықпал ететін факторлардың бірі ретінде дене тәрбиесінің маңызы зор екенін көрсетті. Осыған орай дене тәрбиесінің осындай экономикалық және әлеуметтік - мәдени феномендермен өзара байланысы екі түрғыда көрінеді: адамның еңбек әрекетіне жалпы және арнайы дайындығы, еңбек ресурстарын жалпы дайындау факторы ретінде дене тәрбиесі белсенді қатысады:

1. Жеке адамның жан - жақты, үйлесімді дамуына, көптеген керекті және қажетті рухани дене сапаларын қалыптастыруға, тәрбиелеуге, дамыту мен жетілдіруге. Бұл сапалар, бірінші кезекте әлеуметтік сапалар дамушы өндіріс шарттары мен ғылыми-техникалық дамудағы еңбек әрекетінің тиімділігіне ықпал ететін қажетті фактор ретінде қатысады.
2. Күрделі және техникалық жағдайдағы өндірістік әрекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін биологиялық механизмдердің реттелуін жетілдіруге, денсаулықты нығайтуға, жалпы жұмыс қабілетін, төзімділікті арттыруға.
3. Барынша жемісті жалпы және арнайы оқытуға, өйткені қалыпты белсенді қимыл әрекеті оқушылардың ақыл-ой қабілетіне, олардың үлгерімін арттыруға, сол сияқты өндірістік оқу мен кәсіпті меңгеру мерзімін қысқартуға дұрыс ықпал етеді.

Арнайы маманданған дайындық кәсіби-қолданбалы дайындық пен қалыптасуға, даму мен жетілдіруге бағытталған міндеттерді өлшейтін дене мәдениеті құралдары мен шаралары жүйесімен іске асырылады:

- а) аталған кәсіпке қажетті тұлғалардың әлеуметтік сапасы;
- ә) кәсіби әрекетті тиянақты орындауға қажетті дене сапасы;
- б) кәсіби әрекетті тиянақты меңгеру мен оны орындауға арналған қозғалыс дағдылары.

Бұдан бөлек, түрлі зерттеулер дене тәрбиесі еңбек ресурстарына кәсіптік - өндірістік бейгімделу мәселелерін шешуде дұрыс роль атқарып, ықпал, етіп, сондай - ақ оны барынша тиімді пайдалануға жағдай жасайтынын көрсетті.

Бұрын және қазіргі кезде спортпен айналысқан және еңбек әрекеті әлеміне кіру кезеңін бастан өткерген жас жұмысшыларға бейімделудің барынша жоғары деңгейіне тән, сонымен бірге жұмысшы ұжымына тез араласып, өндіріс пен еңбектің аталған жағдайына тез енетінін дәлелдеу барысы айқындалады.

Өндірістік - еңбек ұжымын біріктіру мен жолдастық қатынасты дамыту факторы ретіндегі дене тәрбиесі мен спорт сабақтары маңызды әлеуметтік - экономикалық әсер береді: «Дайындық» сөзін пайдаланғанда «дайындық» категориясы бірінші кезекте - адамның негізгі әлеуметтік еңбек қызметін іске асыруды қамтамасыз ететін адамның биологиялық және әлеуметтік сапасы мен қабілетінің күрделі кешенін анықтайды, әлеуметтік құрамдар кешені «әлеуметтік белсенділік» биологиялық - «дене жетілуі» ұғымдарын біріктіру. Әлеуметтік

белсенділік дегеніміз нақты қадам басатын, қоғамдық қарым - қатынастың жаңа түрінің пайда болуы болып табылады. Әлеуметтік белсенділік жаңа қатынастарды нығайтып дамытуда көрінеді. Бұл еңбекке, пәнге және еңбектің тиімділігіне деген қатынаста орын алады, сондай - ақ өндірістік - еңбек ұжымының қатынасында, адамдар қатынасының адамгершілік кодексіне сәйкес нормаларын сақтауда көрінеді.

Дене жетілуі адамның әлеуметтік маңыздылық жағдайы мен дене дайындығы сапасын түгелдей сипаттайтын, дене дамуы мен дене дайындығының үйлесімді бірлігін жүйелік бүтіндігін, сондай - ақ жоғарғы деңгейге жетіп, оны шығармашылық қабілеті азайғанда да сақтап қалатын ағзаның физиологиялық жүйесінің қызмет тұрақтылығын қарастырады. Дене жетілуі қоғамның негізгі - өндіріс күші - адам ағзасына қойылатын нақты талаптармен сәйкестелетін биологиялық белсенділік пен дене дайындығының жоғары деңгейіне бейімделеді. Адам әлеуметтік психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық, морфологиялық сияқты генетикалық құралдармен және адам онтогенезімен анықталатын адамның тұлғалық және дербес сан алуан мінез - құлқы, қасиеті мен сапасы адамның барлық іс-әрекетінде бірігіп көрінетінін сызып көрсетудің қажеті жоқ. Дене дайындығын біз алдыңғы қатарға тек гносеологиялық мақсатта айқын көру үшін шығарамыз, өйткені дене дайындығы дене тәрбиесі жүйесінің негізгі құралы мен пәні болатын адамның қимыл әрекетін анықтайтын объективті детерминантты болып табылады. Қоғамдық өндіріс дамуында оның заңдылықтары мен талаптарында дене тәрбиесінің, дене мәдениеті мен спорт жүйесін жетілдіру мен дамыту принциптері мен негізін қалау жүйесі келтірілген. Сонымен, тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы, нақты көрсеткіштер деңгейі адамның оптималды әлеуметтік -биологиялық дайындығын сипаттайды, бірақ абстрактілі таптырма категория бола алмайды, дегенмен, қоғамды демократизациялау барысында ғылыми - техникалық өзгеріс ғасырындағы дамушы қоғамдық өндіріске қажетті шарт болады.

Кәсіби - қолданбалы дене дайындығын түгелдей осы ықпалдың бірнеше шартты деңгейіне бөледі, адамның жалпы қабілеті төмендігінің түрлі сатысына да сәйкес келеді.

1. Құрылымдық - қызметтік әрекет.
2. Қалыпты жағдай, қызмет істеу, даму.
3. Кешенді қызмет - морфологиялық оптимум, негізгі әлеуметтік қызметтерді, яғни әскери және еңбек қызметтерін орындаудағы жалпы дайындық жағдайы.

Әдебиет

- 1 Типовая програма физического воспитания учащихся высших и средних профессионально-технических училищ. – Алматы, 1993.
- 2 Физическое воспитание в профессионально-технических училищах. – М.: Высшая школа, 1998.
- 3 Пошевский С.А., Старцева И.Д. Физкультура и профессия. -М.: ФиС, 1993.
- 4 Физическая культура в режиме труда и отдыха. - Киев, 1991.
- 5 Гимнастика в режиме рабочего дня. - М.: Знание, 1991.
- 6 Президентские тесты физической подготовленности-основа оздоровления населения Республики Казахстан. – Алматы: Аль-Фараби, 1997.

Резюме

Статья раскрывает пути совершенствования, улучшения особенностей структуры спортивной деятельности.

Summary

In the article authors show that the important role in preparation of youth for work takes the system of students' physical training, which represents it self as an effective means of improvement of quality of the general and specialized preparation of manpower reserves.